

**«City Transportation Systems» ЖШС
Басқарма төрағасының
2023 жылғы «_____»
№ _____ бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ**

**Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі, 10В
мекенжайында орналасқан жер участесін мүліктік жалға (қосалқы
жалдауға) беру жөніндегі конкурстың
КОНКУРСТЫҚ ҚҰЖАТТАМАСЫ**

**Конкурсты ұйымдастырушы:
«City Transportation Systems» ЖШС
Тұрақ кеңістіктерін басқару департаменті**

**Зәнді мекенжайы:
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 9, 2-қабат**

**Конкурстық комиссияның хатшысы:
Темірханова Г.Т.
Байланыс телефоны: +7 (7172) 577 177 (ішкі н. 140)
E-mail: G.Temirkhanova@cts.gov.kz**

Астана қ., 2023 жыл

1. Ашық конкурс (бұдан әрі – Конкурс) өткізу арқылы мұліктік жалға (қосалқы жалдауға) берілетін жер участекесінің (бұдан әрі – Объект) қысқаша сипаттамасы.

Конкурсқа қойылған лот саны: 1 лот.

№	Жылжымайтын мұліктің атауы	Ауданы, га
1	Жер участекі: Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі, 10 В	0,3782

* Объектінің нысаналы мақсаты – абаттандырумен ақылы негізде автомобилдерді тұраққа қоюға арналған участекі орналастыру. Объект туралы толығырақ ақпарат Конкурстық құжаттамаға 1-қосымшада.

2. Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдау мерзімі мен орны.

Өтінімдер 2023 жылғы 27 желтоқсанда 12:00 сағаттан 2024 жылғы 04 қаңтар 16:00 сағатқа дейін Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 9, 2-қабат мекенжайы бойынша қабылданады.

3. Конкурсты өткізу күні, уақыты және орны.

Конкурсқа қатысушылар ұсынған конверттерді ашу 2024 жылғы 05 қаңтарда 11:00 сағатта Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 9, 2-қабат, «City Transportation Systems» ЖШС кеңесі мекенжайында өтеді.

4. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

Конкурстық құжаттамаға №2 қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған өтінім және Конкурстық құжаттама талаптарына сәйкес құжаттар.

5. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптар:

Конкурсқа қатысушы ретінде тіркелу үшін уәкілетті өкіл қол қойған Конкурстық құжаттамада белгіленген нысан бойынша хабарландыруда көрсетілген мекенжай бойынша Конкурсқа қатысуға арналған өтінімді Конкурсты ұйымдастырушыға жіберу қажет.

Конкурсқа қатысушының өтінімі Конкурстық құжаттамада көрсетілген Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды қамтуы тиіс.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Конкурсты ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға арналған өтінімді және қоса берілетін құжаттарды Конкурсқа қатысушының мөрімен (бар болса) бекітілген, желімделген конвертте қабылдайды.

Өтінім мен құжаттар нөмірленуі, тігілуі, Конкурсқа қатысушының мөрімен бекітілуі және оған уәкілетті адам қол қоюы тиіс.

Конкурстық құжаттамада және «City Transportation Systems» ЖШС мүлкін мүліктік жалға (жалдауға) беру қағидаларында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін Конкурсқа қатысуға арналған өтінім мен оған қоса берілетін құжаттар ашу кезінде қабылданбайды және Конкурсқа қатыспайды.

6. Конкурсты өткізу шарттары мен тәртібі.

Конкурсты өткізу шарттары мен тәртібі «City Transportation Systems» ЖШС мүлкін мүліктік жалға (жалдауға) беру қағидаларымен және осы Конкурстық құжаттамамен регламенттелген, олармен «City Transportation Systems» ЖШС-ның интернет-ресурсында танысуға болады.

7. Мүліктік жалға алу (қосалқы жалдау) мерзімі:

Объектілерді жалдау мерзімі Тараптар Объектіні қабылдау-беру актісіне қол қойған күннен бастап 36 (отыз алты) айды құрайды.

Жалға берушінің Объектіні жалдау (қосалқы жалдау) мерзімін ұзартуға бастамашылық жасауға құқығы бар.

8. Жалдау ақысының бастапқы бағасының мөлшері:

Айна КҚС есебінсіз 1 805 264,29 (бір миллион сегіз жүз бес мың екі жүз алпыс төрт) теңге 29 тыын.

Конкурсқа қатысушы жалдау ақысының өз мөлшерлемесін бірыңғай сомамен ұсынуы тиіс, сома КҚС есебінсіз форматында ұсынылуы тиіс.

Конкурс женімпазымен жер участкесін жалдау (қосалқы жалдау) шартына қол қойған кезде жалдау ақысы мөлшерлемесінің сомасына КҚС есептелеңтін болады.

9. Жалдау төлемін төлеу кезеңділігі.

Жалдау ақысының сомасын Жалға алушы Жалға берушіден төлем шотын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде 100% мөлшерінде алдын ала төлем тәртібімен ай сайын төлейді.

10. Конкурсқа қатысушыға қойылатын талаптар:

Жалпы талаптар:

1) Конкурсқа қатысушы жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесін және оған енгізілген өзгерістерді (бар болса), бірінші басшыға арналған бұйрықтың нотариалды куәландырылған көшірмесін, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманы, қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесін (қосылған құн салығын төлемеуші қосылған құн салығын төлеуші болып табылмайтыны туралы хат ұсынады), егер конкурстық өтінімге Конкурсқа қатысушының өкілі қол қойса, сенімхатты ұсыну құқықтық қабілеттілігіне ие болуы тиіс.

2) Компанияның қызметі заңды тұлға тіркелген сэттен бастап кемінде 1 жыл.

3) Компанияның салық берешегі болмауы тиіс (конкурстық өтінімді қабылдау күнінің алдындағы 3 жұмыс күнінен ерте берілмеген салық берешегінің жоқтығы туралы анықтама).

4) Компания банкроттық не таратылу рәсіміне жатпауы, оның мүлкіне тыйым салынбауы, оның қаржы-шаруашылық қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтатылмауы тиіс (Конкурсқа қатысушының кепілдік-хаты).

5) Компания мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінде болмауы тиіс (Комиссия тексереді).

6) Компания борышкерлердің бірыңғай тізілімінде болмауы тиіс (Комиссия тексереді).

7) конкурсқа қатысушы және оның үлестес тұлғасы конкурстың бір лотына қатыса алмайды.

Арнайы талаптар:

1. Конкурсқа қатысушы қабылдау-беру актісі бойынша Объектіні жалға (қосалқы жалдауға) алған сэттен бастап 6 ай ішінде келесі техникалық мүмкіндіктері бар (олармен шектелмей) автоматтандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендерді орнату міндеттемесін қабылдайды:

– МТНБ тану (мемлекеттік тіркеу нөмірі белгісі) және тұрақ аймағына кіруді бақылау (қара және ақ тізімдер);

– тұрақ жабдығы мыналарды қамтуы тиіс (олармен шектелмей): шлагбаумдар жиынтығы, кіру станциясы, шығу станциясы, тұрақ жабдығының жұмысына арналған бағдарламалық қамтамасыз ету, қажет болған жағдайда POS жүйесі бар төлем терминалы, қажетті басқару блоктары мен жиынтықтауыштары, автоматты қақпадағы фотоэлементтер, МТНБ тану жүйесі, диспетчермен байланыс жүйесі (операторды штаттан тыс жағдайлар туралы ақпараттандыру модулі);

– тұрақ жабдықтары мен оның бағдарламалық қамтамасыз етілуі өндіруші тарапынан ашық, сондай-ақ барлық жалға алынған Объектілер үшін бірдей (бірыңғай) болуы және Жалға берушінің жүйелері мен сайттарына интеграциялану мүмкіндігі болуы тиіс;

– статистикалық және өзге де есептерді алу үшін, осы есептерді жүктеп алу және жүйені Жалға берушінің платформасымен талап ету бойынша интеграциялау мүмкіндігімен Жалға берушінің уәкілетті өкілдері (қызметкерлері) үшін есептік жазбалардың болуы;

– Жалға берушінің талабы бойынша ақпараттық жүйеде тарифтерді өзгерту және көрсету мүмкіндігі (сағаттық, күн, түн, резерві/kestесі бар абонемент, аймақтар бойынша көп тарифтілік, айыппұлдар, жеңілдіктер жүйесі және т.б.);

– сақтау мерзімі кемінде 1 (бір) ай болатын бейне файлдарды қарау және жазу үшін Жалға берушіге рұқсат бере отырып, жекелеген бейнебақылау жүйелерінің болуы.

Жалға алушы автоматтандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендерді орнатқаннан кейін Жалға берушімен жер участкесін жалдау

(қосалқы жалдау) шартының ажырамас бөлігі болып табылатын жабдықты орнату және іске қосу актісіне қол қоюға міндетті.

2. Конкурсқа қатысушы Объектіні тиісті санитариялық жағдайда ұстауга және Объектіні абаттандыруды қамтамасыз етуге (қоқыс жәшігін орнату, жиектастарды, көгалдар мен асфальттарды төсеу, жол таңбаларын қою, белгілерді, көрсеткіштерді орнату және т.б.) міндеттеме алады;

Объектіде абаттандыру болмаған кезде Жалға алушы Объектіні қабылдау-беру актісі бойынша Жалға берушіден Объектілерді алған сәттен бастап 6 (алты) ай ішінде Объектіні абаттандыру бойынша жұмыстар жүргізуге (қоқыс жәшігін орнату, жиектас, көгалдар мен асфальт төсеу, жол таңбаларын қою, белгілерді, көрсеткіштерді орнату және т.б.) және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жол қозғалысын ұйымдастыру схемасын әзірлеп, мемлекеттік органдармен және Жалға берушімен келісуге міндетті.

3. Жер учаскесін жалдау (қосалқы жалдау) шартын кез келген негіз бойынша бұзған жағдайда, Объектіні иелену және пайдалану (жалдау) кезінде Жалға алушы жүргізген барлық жақсартуларға меншік құқығы (оның ішінде бағдарламалық-аппараттық кешендерге, олардың жиынтықтауыштарына, шығыс материалдарына, бағдарламалық қамтамасыз етуге айрықша құқықтарға, ақпараттық жүйелерге және т.б. меншік құқығы) Жалға берушінің меншігіне өтеді.

4. Жалға алушы Жер учаскесін жалдау (қосалқы жалдау) шартына қол қойылған күннен бастап және 5 жұмыс күні ішінде жылжымайтын мүлікті жалдау шартының орындалуын қамтамасыз ету және Жалға алушы мұндай залал келтірген жағдайда материалдық залалдың орнын толтыру ретінде бір айлық жалдау ақысы мөлшерінде кепілдікті ақшалай жарна (депозит) енгізуге міндетті.

Жалға берушінің кепілдікті ақшалай жарнаны (депозитті) қайтаруы Жалға алушы Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындаған және Жалға беруші тарапынан ескертулер болмаған жағдайда жер учаскесін жалдау (қосалқы жалдау) шарты бұзылған сәттен бастап 30 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

5. Жалға алушы жабдықты орнату және Объектіні абаттандыру мерзімін бұзған жағдайда, Жалға алушы негізгі айлық жалдау төлемінен басқа, Жалға берушіге бір айлық жалдау ақысы мөлшерінде айыппұл төлейді. Мерзім қайта және одан кейінгі әрбір бұзылған кезде айыппұл мөлшері екі есе артады (кешіктірудің бірінші айында - бір айлық жалдау ақысы мөлшерінде, кешіктірудің екінші айында - екі айлық жалдау ақысы мөлшерінде, кешіктірудің үшінші айында - төрт айлық жалдау ақысы мөлшерінде және өсім бойынша).

Конкурсқа қатысушы-Қазақстан Республикасының бейрезиденті оның жалпы және арнайы талаптарға сәйкестігін раставу үшін Қазақстан Республикасының резиденттері ұсынатын құжаттарды ұсынады.

Конкурсқа қатысушы ұсынылған мәліметтердің дұрыстығына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

6. Объектінің әрекеттегі жалдаушысы Конкурсқа қатысқан жағдайда конкурс жеңімпазын айқындау және жалдау (қосалқы жалдау) шартын жасасу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Егер Объектінің әрекеттегі жалдаушысы Конкурсқа өзге қатысушылар ұсынатын жалдау ақысының сомасынан асатын немесе өтінімдер берілген қунгеге қарамастан конкурсқа басқа қатысушының жалдау ақысының ең көп сомасына тең болатын жалдау ақысының сомасын ұсынса, объектінің қолданыстағы жалдаушысы конкурс жеңімпазы болып танылады және онымен осы конкурстық құжаттама талаптарында Объектіні жалдау (қосалқы жалдау) шарты жасалады;

2) Егер Объектінің әрекеттегі жалдаушысы Конкурсқа қатысушы ұсынған жалдау ақысының сомасынан аспайтын немесе конкурстың басқа қатысушысының жалдау ақысының ең көп сомасына тең емес жалдау ақысының сомасын ұсынса, конкурсты ұйымдастырушы объектінің әрекеттегі жалдаушысына конкурстың басқа қатысушысы ұсынған жалдау ақысының ең көп сомасы бойынша және осы конкурстық құжаттаманың талаптары бойынша Объектіні жалдау (қосалқы жалдау) шартын жасасуды ұсынады.

Объектінің әрекеттегі жалдаушысы келіскең жағдайда, Объектінің қолданыстағы жалдаушысы Конкурстың жеңімпазы болып танылады және онымен осы конкурстық құжаттама шарттарында Объектіні жалдау (қосалқы жалдау) шарты жасалады.

Объектінің әрекеттегі жалдаушысы Объектіні жалдау (қосалқы жалдау) шартын жасасудан бас тартқан жағдайда, Объектіні жалдау ақысының ең көп мөлшерін ұсынған және осы конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін Конкурсқа қатысушы Конкурстың жеңімпазы болып танылады және онымен объектіні қолданыстағы жалдау (қосалқы жалдау) шарты бұзылғаннан немесе оның қолданылу мерзімі өткеннен кейін бұрын не болатынына байланысты, Объектіні жалдау (қосалқы жалдау) шарты жасалады

7. Объектінің әрекеттегі жалдаушысының конкурсқа қатысуға өтінімі болмаған жағдайда, Конкурс жеңімпазын айқындау және жалдау (қосалқы жалдау) шартын жасасу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

Конкурсты ұйымдастырушы Объектінің әрекеттегі жалдаушысына Конкурстың басқа қатысушысы ұсынған жалдау ақысының ең көп сомасы бойынша және осы Конкурстық құжаттаманың талаптары бойынша объектіні жалдау (қосалқы жалдау) шартын жасасуды ұсынады.

Объектінің әрекеттегі жалдаушысы келіскең жағдайда, Конкурс өтпеді деп танылады және Объектіні жалдау (қосалқы жалдау) шарты Объектінің жұмыс істеп тұрган жалдаушысымен осы конкурстық құжаттама талаптарында жасалады.

Объектінің әрекеттегі жалдаушысы осы конкурстық құжаттаманың талаптарында Объектіні жалдау (қосалқы жалдау) шартын жасасудан бас тартқан жағдайда, Объектінің жалдау ақысының ең көп мөлшерін ұсынған және осы конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін конкурсқа қатысушы Конкурстың жеңімпазы болып танылады және онымен Объектіні

қолданыстағы жалдау (қосалқы жалдау) шарты бұзылғаннан немесе мерзімі өткеннен кейін бұрын не болатынына байланысты, жалдау (қосалқы жалдау) шарты жасалады.

11. Конкурс объектілерімен танысу мекенжайы, мерзімі және шарттары.

Конкурсқа қатысушының интернет-ресурста Конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап Конкурсты ұйымдастырушының үәкілетті өкілінің қатысуымен күн сайын дүйсенбіден жұмаға дейін 9:00 сағаттан 16:00 сағатқа дейін Объектіні қарап, танысуға құқығы бар.

Объектілермен танысады Конкурсқа қатысуга арналған өтінімдері бар конверттерді ашқанға дейін 3 тәуліктен кешіктірмей конкурстық комиссияның хатшысына жүгіну арқылы жүзеге асыруға болады.

12. Конкурсты ұйымдастырушының байланыс телефоны:

Конкурстық комиссияның хатшысы – Темірханова Г.Т.

Тел.: +7 7172 577 177 (ішкі н. 140).

Электрондық пошта мекенжайы: G.Temirkhanova@cts.gov.kz

Жер участкесін мұліктік
жалға (қосалқы жалдауға)
беру жөніндегі конкурстық
құжаттамаға
№1 қосымша

Объект туралы ақпарат

**1. Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Д. Қонаев көшесі, 10В мекенжайы
бойынша орналасқан жер участкесі**

p/c №	Мәліметтер	
1	Атауы	Жер участкесі
2	Орналасқан жері	Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Д. Қонаев көшесі, 10В
3	Нысаналы мақсаты	Абаттандырумен ақылы негізде автомобильдерді тұраққа қоюға арналған учаскені орналастыру
4	Ауданы, га	0,3782
5	Мұліктік жалға (қосалқы жалдауға) беру мерзімі	36 ай
6	Басқасы	Колданыстағы жер участкесін қосалқы жалдау шарты жасалған

Жер учаскесін мүліктік
жалға (қосалқы жалдауға)
беру жөніндегі конкурстық
құжаттамаға
№2 қосымша

Нысан

«City Transportation Systems» ЖШС
жер учаскесін мүліктік жалға (қосалқы жалдауға)
беру жөніндегі конкурсқа қатысуға
ӨТІНІМ

1. Жер учаскесін мүліктік жалға (қосалқы жалдауға) беру жөнінде конкурс өткізу туралы жарияланған хабарландыруды қарап және «City Transportation Systems» ЖШС мүлкін мүліктік жалға (жалдауға) беру қағидаларымен, конкурстық құжаттамамен, конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптармен және жер учаскесін жалдаудың (қосалқы жалдау) үлгілік шартымен танысып,

(занды тұлғаның атауы және басшының немесе сенімхат негізінде әрекет ететін занды тұлға өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) 2024 жылғы 05 қантарда өтетін конкурсқа қатысуға ниет білдіреді.

2. Конкурсқа қатысуға өтінім берілген мүліктік жалға беру (қосалқы жалдау) объектісі(лері) туралы мәліметтер:

р/с №	Мүліктік жалға алу (қосалқы жалдау) объектісінің атауы	Ауданы, га
1	Жер учаскесі: Астана қаласы, Есіл ауданы, Д. Қонаев көшесі, 10 В	0,3782

3. Лот үшін ұсынылатын баға

4. Осы өтінім жер учаскесін жалға алу (қосалқы жалдау) шарты жасалғанға дейін қолданылатын объектіні(лерді) жалға алу (қосалқы жалдау) ниеті күшіне ие.

5. Өзім туралы мәліметтерді ұсынамын:

Атауы _____

БСН _____

Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

Мекенжайы:_____

Телефон нөмірі

(факс):_____

Банктік деректемелер

ЖСК _____

БСК _____

Банк атауы _____

Кбе _____

Өтінімге қоса беріледі:

1) _____

2) _____

3) _____
(занды тұлға басшысының немесе сенімхат негізінде әрекет ететін өкілінің қолы,
тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

20 __ жылғы «__» ____.